



**Автор:** Мынбаева Арайлым Ермухановна

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 9-класс

**Бөлім:** Ақпаратпен жұмыс

**Тақырып:** Google drive -та құжатты бірлесіп жұмыс істеу қызметін пайдалану

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.3.1- интернет қызметтерін қолдана отырып, құжаттарды құру, өзгерту және қарастыруда бірлесе жұмыс істеу (мысалы, жұмыстарды веб-серверге – бұлттық есептеулерге, блогтарға, Уикипедияға жүктеу)
Сабақтың мақсаты:	Web 2.0 жобалау жүйесімен танысу. Google Docs қызметтерін анықтау, салыстыру. Google Drive қызметінің маңыздылығын түсіндіріп, тұжырым жасау.
Тілдік мақсаттар:	Web 2.0 сервистері-Web 2.0 сервисы-Web 2.0 services, блог-блог-blog, Уикипедия-Википедиа-wikipedi, әлеуметтік желілер-социальные сети- social networks, Логотип-logo.
Күтілетін нәтиже:	1. Web 2.0 жобалау жүйесімен танысады; 2. Google Docs қызметтерін анықтайды, салыстырады; 3. Google Drive қызметінің маңыздылығын түсіндіріп, тұжырым жасайды.
Бағалау критерийлері:	1. Web 2.0 жобалау жүйесімен танысады; 2. Google Docs қызметтерін анықтайды, салыстырады; 3. Google Drive қызметінің маңыздылығын түсіндіріп, тұжырым жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын жүзеге асыру. Топта бірлесіп жұмыс жасау, бір-бірлерінің пікірлерін тыңдау, сыйлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын, орыс тіліндегі сөздер қолданылады.
Бастапқы білім:	Ой сергіту.«Көпір» ойыны. Еденде бормен көпір (түзу) сызылады. Екі топ болып бөлінген, бір-біріне қарсы шыққан балалар көпірден құлап қалмай өтуі керек. Балалар бір-біріне көмектесіп, орындарын ауыстырып, бір-бірін өткізіп жіберулері керек. Бұл ойыннан біз бір ақпаратты бірігіп қолдануымызға, жан- жақты жолмен жүрсек те бір көпірден бірге өту жолын табу қолымыздан келетіндігін түсіндік.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Үй тапсырмасы. «Ғажайып алаң» ойыны -Оқушылар плакатқа шеңбер сызып бірнеше бөліктерге бөледі. Әр бөлікке топтағы оқушылардың есімдері жазылады. Шеңбердің ортасына қаламды түйреуішпен тіреп тұрып түйреуішті айналдырады. Түйреуіш қай есімде тоқтаса, сол оқушыға өткен тақырып бойынша сұрақтар қойылады. Оқушылардың жұмыстарын ауызша мадақтау, ынталандыр.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау □ Құжаттарды компьютерде бірлесе жасаудыңқандай тиімді жақтарыбар? □ Бұлттық қызмет түрі болмаған жағдайда компьютерде құжаттарды бірлесіп өңдеуді ұйымдастырудың қандай жолдарын айтааласың? Оқулықпен жұмыс Мұғалім түсіндірмесі Оқушыларға Google Drive-та құжатты бірлесе өңдеу қызметі туралы ұғымдарын қарапайым түрде түсіндіру керек.</p> <p>Компьютермен жұмыс 1. Word-та жасалған құжаттың бірінтаңда. 2. Бұл құжатты Google Drive қоймасынажүкте. 3. Жүктелген құжатты Google Drive-таредакцияла. Жұмысты орындау қадамдары: 1. Интернетте <a href="http://www.google.kz">www.google.kz</a> серверін іске қосып, өз аккаунтыңды белсендіет. 2. Адресалаңына <a href="https://drive.google.com/">https://drive.google.com/</a> адресінтеріп, Google Диск серверін іскеқос. 3. Сервердің оң жақ жоғары бұрышында Google Қосымшалар(Приложения Google) батырмасын бас (1- сурет). 4. «Ата-аналаржиналысының бағдарламасын» мәтіндік редакторда жаса. Ол үшін Құру(Создать) батырмасын бас (1-сурет). Ашылған мәзірден Google Документы командасын таңдап, құжаттыредакцияла. 5. Берілген тапсырма мәтінін енгіз. Редактортерезесінде орналасқан құралдарды пайдаланып, өз қалауың бойынша мәтіндіпішімде. 6. Файл – Переименовать командаларын орындап, жасалған файлдың атын «9-сынып ата-аналар жиналысы» атауымен қайта ата. 7. Үнсіздік бойынша, жасалған файл тек құжат иесіне ғана қолжетімді болады. Құжатқа барлықИнтернет қолданушыларға қолжетімді болу үшін редактор терезесінде Қолжетімділікті Баптаулар (Настройки доступа) командасын орында. 8. Ортақ қолжетімділік (Совместный доступ) терезесінен құжатты бірлесе өңдеуге шақыратын пайдаланушылардың электрондық пошталарын енгізіп, Жөнелту (Отправить) батырмасын бас.(2-сурет). 9. «Ата-аналар жиналысыныңбағдарламасын» сыныптастарыңмен бірге өңдеулеріңе болады. Дескриптор Мәтіндік редакторда жасалған құжатты Google Drive қызметіне ауыстырады; Құжатты бірлесіп өңдейді. Топтық жұмыс Сыныптастарыңмен бірлесіп өңдеуге арналған құжатты жоспарлаңдар. Құжатқа тақырып таңдап, құжатты өңдеуді өзара бөлісіңдер. Дескриптор Google Drive-те құжатты бірлесіп өңдейді. Шағын эссе Құжатты бірлесіп өңдеудің тиімділігі мен кедергілері туралы шағын эссе жазыңдар. Оқушылардың жұмыстарын бағалау кестесіне балл қою арқылы бағалау.</p>	
Сабақтың соңы	<p>1. Web 2.0 қызметінің Web 1.0 қызметінен қандай айырмашылығыбар? 2. Google Docs қызметі қандай бұлтты қызметтер ұсынаалады? 3. Google Drive бұлтын пайдалануқандай алгоритмдердентұрады? 4. Құжатқа барлық Интернет қолданушыларға қолжетімді болу үшін қандай командаларды орындау керек?</p>	
Рефлексия	<p>«Табыс сатысы»әдісі Оқушылар не білемін, не білдім, не білгім келеді? Сатыларына өз пікірлерін жазады.</p>	